

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Байқоңырбаланс" мемлекеттік мекемесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 563 қаулысы

Ресей Федерациясының Үкіметі жалға алған "Байқоңыр" кешенінің мүлкіне бухгалтерлік есеп жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Аэроғарыш комитетінің "Байқоңырбаланс" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Мекеме қызметінің негізгі мәні Ресей Федерациясының Үкіметі жалға алған "Байқоңыр" кешенінің және Ресей авиациялық-ғарыш агенттігі ұйымдарының қарамағындағы мүлікке бухгалтерлік есеп жүргізу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыш комитеті заңнамада белгілеген тәртіппен:

1) Мекеменің Жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4 . < \* >

*Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .*

5. Осы қаулы қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*